Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге баға (тариф) шекті деңгейін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 қарашадағы № 4/611 қаулысы. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 шілдедегі № 3/410 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 22.07.2024 № 3/410 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Теміржол көлігі туралы" Заңының 12 бабының 2 тармағына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге баға (тариф) шекті деңгейі 100 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі *Е. Досаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК